

6D070700 – «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Народхан  
Дашжанның «Көмір тілігі жағдауының тұрақтылығына сыртқы жыныс үйіндісінің әсерін зерттеу  
(мысалы ретінде Екібастұз кен орынды жағдайы)» тақырыбындағы докторлық диссертациясына ресми рецензенттің жазбасы

### СЫН-ПІКІРІ

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауаптардың біреуін белгілеу қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі)</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Казақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын корсету)</p>	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес жасалды, атап айтқанда «Геология, минералды және көмірсүтек шикізатын өндіру және қайта өндеу, жана материалдар, технология, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар» басым бағыты бойынша.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b><u>косады</u></b> /коспайды, ал оның маңыздылығы <b><u>ашылған</u></b> /ашылмаган.	Диссертациялық жұмысытың маңыздылығы тілік жағдауы мен жыныс үйінділерінің өзара әсерін зерттеудің ұсынылған ғылыми әдістерін колдану ашық тау-кен жұмыстарын жобалау және одан әрі дамыту кезінде көмір тіліктерін пайдаланудың бүкіл кезеңінде қауіпсіздікті камтамасыз ететін аршу жұмыстарын онтайлы үйімдастыру бойынша негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретіні көрсетілген.
3.	Озі жазу принципі	Озі жазу деңгейі:	Озі жазу деңгейі жоғары, оған докторанттың ғылыми жұмыстың максатын анықтан, зерттеу міндеттерін бекіту үшін мақалалар мен баяндамалардың тезистерін жазып, жоспарын құрганы дәлел.

		3) төмен; 4) өзі жазбаган	ғылыми жұмыстың негізгі бөлігін өзі жасады, онда ғылыми жаңалықты да, жұмыстың тәжірибелік құндылғын да анықтап берді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: <b>1) <u>негізделген;</u></b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі толығымен негізделген. Қазіргі уақытта көмір корының терендік бойынша толығымен игерудің колда бар барлық тау-кен-геологиялық, қауіпсіздік және технологиялық ресурстарын ұтымды пайдалану мәселелері мен міндеттері карастырылған. Жұмыс бойынша мәселе кеңінен және жоғары деңгейде талқыланған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды <b>1) <u>айқындауды;</u></b> 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес келеді және зерттелетін мәселенің мазмұнын егжей-тегжейлі баяндайды. Көрсетілген ғылыми және тәжірибелік нәтижелер реттілікке ие.
		4.3 Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <b>1) <u>сәйкес келеді;</u></b> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Максаты мен міндеті диссертация тақырыбына сәйкес келеді, зерттеудің максаты тау-кен жұмыстарын жүргізуін тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік беретін сыртқы жыныс үйіндісі әсерінен жағдау тұрақтылығының параметрлерін негіздеу және койылған міндеттерге сәйкес диссертациялық жұмыстың негізгі болімдерін қамтиды.
		4.4 Диссертацияның барлық болімдері мен күрьшлисы логикалық толық байланысқан: <b>1) <u>толық байланысқан;</u></b> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық болімдері мен күрьшлисы логикалық толық байланысқан, жүргізілген зерттеулер логикалық дәйектілікпен сипатталатын ғылыми жұмыстың толық жүйесін қамтиды.

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li><b><u>1) сыны талдау бар;</u></b></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, яғни диссертацияда сыни талдау бар. Автор өзінің нәтижелерінде жарияланған аналитикалық мәліметтерге сүйене отырып, диссертацияның әр болімінде баяндап зерттеу бағыттары бойынша аналитикалық шешімдердің әдіснамасын негіздейді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li><b><u>1) толығымен жаңа;</u></b></li> <li><u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>- Диссертацияда ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады, диссертациялық зерттеу әдісі жан-жакты қолданылды. Тау-кен жұмыстарын ашық тәсілмен жүргізу кезінде сыртқы жыныс үйінділерінің жағдау маңы массивінің тұрақтылығына тиетін әсерлері мен заңдалықтары анықталып, жұмыс жағдаулары мен уақытша жыныс үйінділерінің өзара әсері мен тұрақтылығын бағалау үшін массивтің кернеу-деформациялық күйін ақырғы элементтер әдісімен сандық модельдеуді қолдану кажеттілігі дәлелденді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li><b><u>1) толығымен жаңа;</u></b></li> <li><u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертацияның корытындылары толығымен жаңа, ғылыми нәтижелерге негізделген. Алынған нәтижелері Scopus деректер базасын кіретін халықаралық рейтингтік басылымдарда макалалардың жариялануымен расталды.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li><b><u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></b></li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Технологиялық шешімдер жаңа және негізделген болып табылады. Бұл әдістерді, практикалық қызметке енгізу актісімен расталады.</p>

6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	<p>Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде</p> <p><b><u>негізделген</u></b>/негізделмеген (qualitative research және онерттану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Корытындыда көлтірілген тұжырымдар теориялық және эксперименттік зерттеу жұмыстарының нәтижелері, сондай-ақ жүйелік талдау нәтижелері негізінде жасалды. Алынған нәтижелер тау-кен теориясы мен технологиясы саласындағы негізгі теориялық және колданбалы ережелер мен принциптерге кайшы келмейді.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p><b><u>1) дәлелденді;</u></b> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә; <b><u>2) жок</u></b></p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p><b><u>1) иә;</u></b> 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; <b><u>3) кең</u></b></p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p><b><u>1) иә;</u></b> 2) жок</p>	<p>Қорғауға шығарылған 4 қағидаттар:</p> <p>1 корғалатын қағидат бойынша жауаптар: 7.1 дәлелденді 7.2 жок 7.3 иә 7.4 кең 7.5 иә</p> <p>2 корғалатын қағидат бойынша жауаптар: 7.1 дәлелденді 7.2 жок 7.3 иә 7.4 кең 7.5 иә</p> <p>3 корғалатын қағидат бойынша жауаптар: 7.1 дәлелденді 7.2 жок 7.3 иә 7.4 кең 7.5 иә</p> <p>4 корғалатын қағидат бойынша жауаптар: 7.1 дәлелденді 7.2 жок 7.3 иә</p>

			7.4 кең 7.5 иә
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <u>1) иә;</u> 2) жок	Әдістеменің таңдауы –негізделген немесе әдіснама нақты жазылған. Зерттеу әдістемесін таңдау койылған міндеттерге негізделген, олардың шешімі ғылыми жаңалықтың және практикалық маңыздылық пен сенімділіктің негізі болды, және диссертациялық жұмыста ежейтегежелі сипатталған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің көзінде заманғы әдістері мен деректердің өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <u>1) иә;</u> 2) жок	Жұмыста жүйелік талдаудың сенімді ғылыми әдістері, эксперименттік зерттеулер қолданылды, диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің көзінде заманғы әдістері мен деректердің өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: MATLAB және RS2 бағдарламалық жасактамасы арқылы тау жынысы массивіндегі геомеханикалық процестерді ақыргы элементтер әдісімен сандық модельдеу жүзеге асырылған.
		8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <u>1) иә;</u> 2) жок	Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаган	Негізгі маңызды мәлімдемелер, соның ішінде автордың нәтижелері сенімді ғылыми әдебиеттерге тиісті сілтемелермен расталады.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Автор жеткілікті әдеби дереккөздерге шолу жасады. Scopus халықаралық рецензияланатын деректер базасынан алынған дереккөздерге сілтемелер келтірілген.
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p><u>1) иә;</u> 2) жок</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><u>1) иә;</u> 2) жок</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; <b><u>2) жартылай жаңа (25-75% жана болып табылады);</u></b> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар, жұмыста теориялық маңызы бар нәтижелер мен оларға негізделген тұжырымдар келтірілген. Тікелей жағдауларда орналасқан сыртқы жыныс үйінділерінен берілетін тараған жұқтемелер және үйінді өлшемдерінің жағдау өлшемдерімен салыстырғанда шамалас болатынына байланысты негұрлым құрделі әсер етеді, әрі тілік жағдауының орнықтылық дәрежесін белгілеу үшін, сыртқы жыныс үйінділерінен берілетін тараған жұқтеме тілік жағдауына әсер ету жағдайларында ақырғы элементтер әдісі негізінде жағдау маңы массивінің КДК сандық модельдеуін қолдану қажеттілігі ұсынылған.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолданыс үтінде. Диссертацияның ғылыми-зерттеу жұмыстарымен байланысы: диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері 2021-2022 жж. «ГеоМарк» ФЗО-да «Ұақытша сыртқы үйінділердің қауіпсіз параметрлерін анықтау және олардың «Восточный-1» және «Восточный-2» жұмыс жағдауларына әсер етуі» тақырыбында ғылыми зерттеудерді орындау кезінде алынған. Жұмыс жағдаулары мен жыныс үйінділерінің озара әсерін зерттеудің ұсынылған ғылыми әдістерін қолдану ашық тау-кен жұмыстарын жобалау және одан әрі дамыту кезінде комір тіліктерін пайдаланудың бүкіл кезеңінде қауіпсіздікті камтамасыз ететін аршу жұмыстарын онтайлы ұйымдастыру бойынша негізделген шешімдер кабылдауға мүмкіндік берген.</p> <p>Тәжірибеде жұмыс нәтижелерін жүзеге асыруға арналған практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады және бұрын ұсынылған колемде еш жерде қолданылмаған.</p>

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p><b><u>1) жоғары;</u></b></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	Академиялық жазудың сапасы жоғары, диссертацияны ресімдеу талаптарға сәйкес келеді.
-----	---------------------------	---	---

## Корытынды:

6D070700 – «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Көмір тілігі жағдауының тұрактылығына сыртқы жыныс үйіндісінің асерін зерттеу (мысалы ретінде Екібастұз кен орны жағдайы)» тақырыптағы Народхан Дашибаның докторлық диссертациясы жоғары деңгейде орындалды және өзекті колданбалы міндетті шешеді. Диссертациялық жұмысы жаңа негізделген нағижендер жиынтығын қамтиды, ішкі біртуастықта ие және колданыстағы нормативтік талаптарға жауап береді.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Фылым және жогары білім министрлігінің Фылым және жогары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) фылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияларға койылатын талаптарына сәйкес келеді деп есептеймін және Д.Народхан 6D070700 – «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) фылыми дәрежесін беру туралы КР ЕЖБМ Фылым және жогары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің алдында өтініш білдіруді ұсынамын.

## Ресми рецензент:

«Kusha Madan» компаниясының техникалық сұраптар бойынша директорының орынбасары, PhD доктор



Е. Әбен